

Акционерлердің бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқықтарын іске асыру жөніндегі ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі N 252 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 22 тамызда тіркелді. Тіркеу N 2453. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 12 тамыздағы N 151 қаулысымен.

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 12 тамыздағы N 151 қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қ а р а ң ы з) .

Ескерту: Атауында "нұсқаулықты" деген сөз "ережені" деген сөзбен ауыстырылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі басқармасының 2004 жылғы 12 шілдедегі N 196 қаулысымен .

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 2-тармағын іске асыру және акционерлердің құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Акционерлердің бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығын іске асыру жөніндегі ереже бекітілсін.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі басқармасының 2004 жылғы 12 шілдедегі N 196 қаулысымен .

2. Осы қаулы күшіне енгізілген күннен бастап Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының "Басымдықпен сатып алу құқығын пайдалану жөніндегі ұсынысты акционерлерге ұсыну тәртібі туралы" 1999 жылғы 23 ақпандағы N 23 қаулысының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 722 тіркелген, 1999 жылғы мамырда "Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы" журналында жарияланған, N 5) күші жойылды деп танылсын.

3. Қаржылық қадағалау департаменті (Бахмутова Е.Л.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан

Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу
ш а р л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушыларының өзін-өзі реттейтін ұйымдарына және бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушысына жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

5. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
"Акционерлердің бағалы
қағаздарды басымдықпен
сатып алу құқықтарын іске
асыру жөніндегі ережені
бекіту туралы" 2003 жылғы
25 шілдедегі N 252 қаулысымен
бекітілген

Ескерту: Жоғары оң бұрышында және атауында "нұсқаулықты" және "нұсқаулық" деген сөздер тиісінше "ережені" және "ереже" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі басқармасының 2004 жылғы 12 шілдедегі N 196 қаулысымен .

Акционерлердің бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқықтарын іске асыру жөніндегі ереже

Акционерлік қоғамдардың (бұдан әрі - қоғам) жарияланған акцияларын немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздарды, сондай-ақ эмитент бұрын сатып алған, орналастырылатын бағалы қағаздарды (бұдан әрі - орналастырылатын бағалы қағаздар) акционерлердің басымдықпен сатып алу құқықтарын іске асыру мақсатында "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 2-тармағын орындау үшін Акционерлердің бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқықтарын іске асыру жөніндегі ереже (бұдан әрі - Ереже) әзірленген.

Ескерту: Кіріспеге өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық

ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі басқармасының 2004 жылғы 12 шілдедегі N 196 қаулысымен .

1. Орналастырылатын бағалы қағаздарды сатып алуы туралы акционерлердің мынадай хабарлама тәсілінің бірі қоғамның жарғысымен белгіленеді:

1) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген талаптарға жауап беретін, баспасөз басылымдарында акционерлік қоғам жариялайтын, орналастырылған бағалы қағаздарды сатып алу туралы хабарлама;

2) әрбір акционерге қоғам жіберетін орналастырылған бағалы қағаздарды сатып алу туралы жазбаша хабарлама.

2. Орналастырылатын бағалы қағаздарды сатып алу туралы ұсыныс бар жазбаша хабарламада немесе баспасөз басылымдарындағы жарияланымда:

1) орналастырылатын бағалы қағаздардың саны және түрлері;

2) орналастырылған (қоғам сатып алғандарды шегеріп тастағанда) акция санының орналастырылатын бағалы қағаздарға ара қатынасы;

3) "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 1-тармағының талаптарын ескере отырып бағалы қағаздар сатып алу ш а р т ы ;

4) бағалы қағаздарды орналастыру бағасы;

5) орналастырылатын бағалы қағаздарды акционерлердің сатып алу орны (о р ы н д а р ы) ;

6) орналастырылатын бағалы қағаздарды акционерлердің сатып алу мерзімі болуға тиіс.

3. Қоғамның орналастырылатын бағалы қағаздарын сатып алу үшін акциясының саны жеткіліксіз акционер "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 1-тармағымен белгіленген сатып алу талаптарына сәйкес басқа акционерлермен ортақ меншік құқығында орналастырылатын бағалы қағаздарды сатып алуға құқылы.

4. Орналастырылатын бағалы қағаздарды басымдықпен сатып алу құқығы бар акционерлердің тізімін бағалы қағаздарды орналастыру туралы қоғамның директорлар кеңесінің шешімі қабылданған күнгі қоғам акциясын ұстаушылардың тізілім деректері негізінде тіркеуші жасайды.

5. Басымдықпен сатып алу құқығына сәйкес орналастырылатын бағалы қағаздарды сатып алуға акционерлердің өтініш беру мерзімі акционер жазбаша хабарлама алған немесе баспасөз басылымдарында жарияланған күннен бастап кем дегенде отыз күнді құрауға тиіс.

6. Орналастырылатын бағалы қағаздарды сатып алуға қоғам акционерінің өтініші жазбаша нысанда жасалады, осы Ереженің 5-тармағында белгіленген мерзімде қоғамға ұсынылады.

Ө т і н і ш т е :

1) қоғамның акционері сатып алуға ниет білдірген бағалы қағаздардың саны
м е н т ү р і ;

2) акционердің не егер қоғам акционері жеке тұлға болса - оның уәкілетті
өкілінің жеке басын куәландыратын құжаттың аты, деректемелері, орналасқан
ж е р і , қ о л ы ;

3) лауазымды тұлғалардың не егер қоғам акционері заңды тұлға болса -
олардың уәкілетті өкілдерінің атауы және орналасқан жері, мөрі және қолдары.

*Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық
ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі басқармасының 2004 жылғы 12
шілдедегі N 196 қаулысымен .*

7. осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының
заңдарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

*Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық
ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі басқармасының 2004 жылғы 12
шілдедегі N 196 қаулысымен .*